

**ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «АДАМ МЕН
ӘЛЕМНІҢ» ӨЗАРА ҮЙЛЕСІМДІЛІГІНІҢ СИПАТТАЛУЫ**
DESCRIPTION OF THE MUTUAL HARMONY OF "HUMAN AND THE
UNIVERSE" IN THE WORLD VIEW OF YUSUF BALASAGUNI

Гульзира ШАДИНОВА *

Түйіндеме

Бұл мақалада ортағасырлық түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің» өзара үйлесімділігінің сипатталуындағы ғарыштық танымда ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның бірлігі жайлы постулатқа негізdedі. Белгілі төрт күдірет – от, су, ауа, жер жайлы антикалық мұратқа сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның араласуынан жаралды, ал өмір солардың өзара қатыстылығының әрекеттесуі деп түсінеді. Ұлы Ғалам мен микроғаламның қарама-қарсылығы мен тұтастығының бірлігі Жүсіп Баласағұн дүниетанымында ерекше сипатпен көрініс тапқандығына көз жеткізеді. Ол «Кұтадғу білік» шығармасында көркемдік шешімдер арқылы бейнеленген терең философиялық тұжырымдарында әлем туралы түркілік дүниетанымды жалпы адамзаттық дүниетаныммен, құндылықтар жүйесімен ұштастырады.

Кілт сөздер: Жүсіп Баласағұн, адам, ғарыш, дүниетаным, әлем, түркі, ислам, философия.

Summary

In this article, the medieval Turkic philosopher Yusuf Balsaguni in his worldview is based on the tenets of man and the world, the great universe and the unity of the microverse on the way to achieving truth in space exploration, which describes the relationship between «Human and the universe». Based on four forces known as fire, water, air, the ancient world of the earth, the thoughtful world is created by the interaction of four quarters, and life by the interaction of them. The unity of the Great Galaxy and the uniqueness and integrity of the micro-galaxy show that Yusuf Balasaguni has a special view on his world outlook. In his deep philosophical conclusions, depicting artistic decisions in his work «Kutadgu Bilik», he combines a worldview with a universal system of worldview and values.

Keywords: Yusuf Balasaguni, man, space, worldview, world, Turkic, Islam, philosophy.

* философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.
PhD., Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.
Turkestan, Kazakhstan, E-mail: Shadinova.G@mail.ru

Философия ежелден әлем үлгісінің танымын зерттеу мәселелерімен айналысып келеді. Көне грек философиясының бастапқы кездегі басты нысаны – алғашқы материя, аспан әлемі, яғни натурфилософия болғаны белгілі. Дегенмен, ойшылдардың назары Сократтан бастап адам болмысына, оның танымы мен жеке әлеміне қарай ауды. Солай болғанымен де философияның космогония, алғашқы материя, ең түпкі негіз сияқты жалпы, әрі негізгі мәселелері күн тәртібінен түскен жоқ. Философия тарихында қос өрім болып өрбіген осы екі ой ағымын Жүсіп Баласағұнның танымынан көреміз. Оның осы танымнан туған «Құтадғу білік» дастаны космология мен адам және қоғам туралы көркемдік үлгіге салынған ой-пікірлер түрінде көрініс тауып жатты.

Белгілі ғалым В.Н. Топоров: «Әлем үлгісі - сол дәстүр ішінде әлем туралы жүйелі және операциялық аспектілерде алынған түсініктердің барлық жиынының қысқа және қарапайым бейнесі» (Топоров, 1982: 162), - деген тұжырымы мәселеге айқындық береді. Осы тұрғыда әлем тақырыбы кешенді түрде зерттегендіктен қазіргі ғылымда оның өзектілігі ерекше. Себебі, онда космологияға қажет астрономиялық және астрофизикалық ғана емес, құнды философиялық көзқарастар да қамтылған.

Әлем үлгісі көптеген мәлімет көздерінен, яғни палеонтология мен биология мәліметтерінен, этнографияның архаикалық ұғымдарының мәліметтерінен, қазіргі адам санасындағы тілге, түс көру символикасына және тағы басқа санадан тыс ұғымдардан, көркемдік шығармалардың терең мазмұнынан орын алған немесе жөнделген архетипикалық құрылымдардан құралады (Топоров, 1994: 162).

Космология пәнінің әлемді тану мәселелерімен айналысатын ерекшелігіне байланысты мәселелерді философиялық тұрғыда қарастыру тарихы ежелден келе жатыр. Космологияда үлгілеуге зерттеу жүргізу барысындағы әдістері космологиялық үлгілерді талдау мәселелерін философиялық дәстүрге сүйеніп, сонау антикалық дәуірден осы кезге дейінгі уақытты қамтиды.

Дүниенің жаратылуы адамзатты толғандырып келе жатқан маңызды мәселелердің бірі. Қадым замандардан уақыт пен кеңістік бағдары шексіз дүние ретінде ұғынылып, дүниенің пайда болуы ұзақ уақыт бойы жұмбақ күйінде қалып келді. Ғалам жаратылысын, оның мәңгілік екендігін мойындап келген ғалымдар өз еңбектерінде дүниені ұшы-қиыры жоқ, шексіз материяның жиынтығы деп санады. Ғаламның «мәңгілігі» жайындағы ой-пікір еуропалық түсінікке негізделген

материализм философиясынан бастау алады. Ежелгі Грекияда қалыптасқан философия Ғаламның материядан тұратындығын, әрі оның мәңгі екенін дәлелдеуге тырысады. Ғалам мәңгілігінің ұғымы - атеистік теорияға да негіз болды. Дүние жаратылысының шексіздігіне сену – оның жаратылғандығын, оны жаратқан Жаратушыны мойындау деген пікірге жетелейді.

А.Ф. Лосев «тарихтың мүсіндік тәсілі» туралы жазады. Антикалық Эллинің ғарышы - заттардың мәңгілік қозғалыстағы немесе бөлінбеген бос кеңістіктен және өзінің үйлесімділігімен, симметриялығымен, ұйқастық, құрылымымен, өр және бірқалыпты кейпінде көрінген, біресе тіршілігін үзіп өлімге бет алып қайтадан бос кеңістікке айналған материалды-сезімді және тірі ғарыш (Лосев, 1969: 56), - деген ғалымның тұжырымы тың ойларға жетелейді.

Орта ғасырда әлемнің жаратылуы мен оның дамуы туралы пікірлер материалистер мен идеалистер арасында қызу өрбігені белгілі.

XX ғасырдағы материализм өкілдерінің бірі Георг Политцер өз еңбектерінде Ғаламның мәңгілік үлгісін, оның ақиқаттығын мойындай тұра, дүниенің жаратылуы жайындағы идеяны қолдамайды да: «Егер Ғаламның жаратылғандығын мойындар болсақ, онда оның Құдайдың жоқтан бар етіп, бір сәтте жаратқандығын мойындауымыз керек. Олай болса, дүниенің жаратылыс жайындағы бұл идея, ең алдымен, Ғалам жоқтан пайда болды деген пікірге жетелейді. Алайда ғылымның мұндай тұжырыммен келіспесі анық» (Politzer, 1954: 54), - деп шешімді пікір айтады.

Георг Политцер Ғаламның мәңгілігі идеясының ғылым тарапынан қолдау табатындығына күмән келтірмегені анық. Асылында, ғылым алдында Ғалам жаратылысының сырын анықтау мәселесі тұрды. Георг Политцер тұжырымы бойынша, егер дүниенің жаратылғандығы мойындалар болса, онда оны Жаратушының да бар екендігіне күмән келтірілмеу қажет. Материя мен уақыттың ұлы Жаратушы арқасында жаратылғандығы ғылым негіздеген ақиқат екендігі ескерілуі қажет.

Діни еңбектер дүниенің жаратылғандығы анық деген ақиқатқа сүйенеді. Қасиетті Құранда бүкіл дүние, ондағы тіршілікті Алла жаратты деп жазылады: «Көктер мен жерді жоқтан бар етуші...» (6:101) (Құран Кәрім, 1991: 43), - деген Құран сөздері Ғалам жаратылған деген идеяны уағыздайды. Қазіргі заман ғылымы да бұл тұжырымның төңірегінде пікір таластырады. Дүниені Алла жаратты деген түсінік діни санада, дүниетанымда берік бекіген. Алайда материалистер мұны жәй сәйкестік деп қана ұғады.

Дүниенің, ондағы тіршіліктің жаратылуы жайлы таным-түсініктер көне түркі мифологиясында да кездеседі. Көне түркілердің жазба ескерткіштерінде дүниенің жаратылысына не негіз болып, ол қайда пайда болды деген ой космостық құрылым ұғымына негізделді. Түркілердің космологиялық түсініктері бізге жеткен шығармалар негізінде жинақталды (Безертинов, 2000: 41).

Мифологиялық үлгідегі ойлау бойынша адам әлемдегі өз орнын анықтау үшін Ғаламды тануға тырысады. Ежелгі түркілердің түсінігінде, Аспан (Тәңір) әлемді жаратып, өзі жаратқандардың тағдырына билік жүргізеді. Тәңір бір мезгілде қарама-қарсы бастаулардан тұратын қабаттарда болады: жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жақсылық пен зұлымдық, және т.б. Аспан астындағы әлемнің жоғарғы қабаты - аспан, ортаңғысы - жер, ал төменгі - өлім құдайы (Ермек) билейтін үш қабатты әлемдерге бөлінеді. Ол Тәртіпке үйлесімділік пен сұлулық орнатып, әлемге бай көптүрлілік жағдайын жасап, жарық сыйлайды.

Адам мәні бейнелеу өнеріндегі миниатюраларда адам тұлғасының ашылуы мен орта ғасырлық ислам мәдениетіндегі бет-бейненің перделену мәселесінде де көрінген. Иран өнерінде бейнелеу принциптерінің қалыптасуында алдыңғы қатарда жүйелі ойлаудың графикалық және жаңа семиотикалық түрлері тұрады. Бұл мұсылмандық семантикалық көркем әдіс екі сатылы мағынаға құрылады. Мұндағы сыр - суретшінің көркемдік әдісінде негізгі басшылыққа алып отырғаны «бейненің» мәдениет аясы мен табиғат аясында берілуі (Халықов, 2006: 108).

Фундаменталды мұсылман түсініктерінде IX ғасырдың өзінде-ақ, Табиғат әлемі реттелген алғашқылыққа қарсы қойыла, Алла мен Адам арасындағы пердемен салыстырылады. Кейінгі мұсылман ойшылдарының әлем жаратылысы туралы космогониялық түсініктерінде ол жалғасын тапты. Сол ұғымдарға сай, жалпы Әлем мен Адам пайда болуы жігерлі Шығармашылық әрекеттің нәтижесі делінеді. Аралықта, медиативті орын Шығармашылық акт үрдісінде Сөзге беріледі. Сол сөзді айту арқылы Адамның оқу-үйрену қабілеті оның хаостан, реттелмеген Әлемнен реттелген күйге өту мүмкіндігін берді. Мұндай маңызды космогониялық актінде сөз табиғат арасында Адамға туа берілді. Адам екі қарама-қарсы бастаулардың Интеллект пен Табиғаттың қосылуының нәтижесі. Табиғат әлемі мен адамдар әлемін игеру мұсылман бейнелеу өнерінде қарапайымнан күрделіге, Табиғаттан Адамға сатылы өзгеру арқылы келеді. Әрбір бейнелеу формасы өз кезегінде көркемдік санамен озық араб графикасының негізінде

қиылыстырылып отырғаны айтылған (Ашрафи, 1987: 9).

Дәстүрлі әлемді тануда әлем бейнелер мен нышан белгілермен қатар, осы нышан белгілерді орындайтын қызметтерден де байқалады. Сондықтан туу туралы идеяның дәстүрлі-мифологиялық мәтініне қатынасты кез келген объект әлемдік ағаш, әлемнің орталығының сәйкестігі болады. Әлем өзгермелі, әрекетті болғанымен нышан белгілердің жиынтығы емес. Сонымен қатар, әлем қимыл-әрекеттерден танылады. Оның өзі туылады, өседі, өледі, әрі дәл сол сәтте қайта туылады. Әлемнің негізгі қызметі - өмірдің үздіксіз жаңарып отыруы. Адам да әлемнің бір бөлшегі ретінде осылай дамиды (Кляшторный, 1981: 103).

Бізден алыста жатқан дәуірдің әлем мен кеңістікті қабылдау әдісін макрокосм мен микрокосм категорияларын біріге қарастырғанда ғана түсінуге болады. Микрокосм – бүтіннің бір бөлшегі, Ғаламның бір элементі ғана емес, соның репликасының кішірейтілген қайта жасалған үлгісі. Микрокосм адам санасында параллелизм аясында кіші және үлкен ғалам деп көрініс тапқан. Микрокосм концепциясының мәнін түсіну үшін «космос» түсінігінің ежелден орта ғасырға өткенде өзгергендігіне көңіл аудару керек. Егер антикалық дәуірде әлем бір бүтін мен үйлесімді деп қабылданса, ортағасырлық адамдардың көзқарасы дуалистік болды. Антикалық ғарыш – табиғат сұлулығы, оның тәртіптілігі мен намысы – ал христиандық интерпретация негізінде өзінің қасиеттерінің бірқатарын жоғалтып алды. Өйткені, христиан әлемі – «әдемі» емес, ол күнәһәр және құдай сотының алдында жауапты. Августиннің пікірінше, ақиқатты адамның жанынан іздегені дұрыс. Құдайдың керемет іс-әрекеті жаратылыс емес, құтқару мен мәңгілік өмір (Гуревич, 1972: 53).

Орта ғасырларда әлем үлгісін екі әлемнен, яғни макро және микро-космостық әлемнің қатынасынан тұрады деп таныды. Микрокосмостық әлем макро әлемнің бейнесі деп қабылданды. Шығыстық философиялық дүниетанымда Ғаламның, Қоғам мен Адамның ішкі мәніне, ішкі дүниесіне назар аудару ерекше орын алады.

Үнді, Ежелгі Египет, грек антикасының концепциялары мен шығыстық перипатикалық ойларының түрлі идеяларын игеру нәтижесінде космологиялық мәселелер талданады. Сонымен қатар шығыстық перипатетизм адам мен ғарыштың ішкі бірлігін қарастыратын антикалық идеядағы макро мен микрокосмос бірлігінің көзқарастық мәнімен, ал Адам Ғаламмен қарастырылды.

Г. Шадинова. Жүсіп Баласағұн дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің»...

Ойшылдар адам бойынан Ғаламға тән белгілер мен қасиеттерді үнемі іздеді және оны біртіндеп таба бастады. Ортағасыр ойшылдарының еңбектерінде Ғалам, табиғат және адам арасындағы байланысты ұқсас, шамалас сипаттарды көріп, соны жеткізуге тырысты.

XII ғасыр философтары табиғаттың құпиясын ашудың қажеттігіне баса назар аударды. Себебі, адам осы таным арқылы құдайдың тәртібі мен өзін тани түспек. Осындай ойлардың астарында әлемнің бірлігі мен сұлулығына деген сенім жатыр. Ал құдай жаратқан әлемнің орталығына адам иелік етеді (Гуревич, 1972: 53-54). Бұл дүниетанымды антропологиялық үлгілердің көрініс беруі.

Жүсіп Баласағұн осы бағытты ұстанған ұлы түркі ойшылдарының бірі болды. Бірақ ол Ғарыш көріністерінен теориялық көрініс жасамады. Оны көбіне адамның тұрмыстық мәселелері толғандырды. Ал космологиялық мәселелерді әмбебап ұғым жасауға және ондағы адам орнын айқындаудың құралына айналдырды:

Кешірімді ием, жаратқан хәм өсірген,
Сөз бастадым Алла атымен өзім мен.
Күллі әлемді қалауынша ол жаратты,
Күн мен айды жағып, нұрын таратты.
Жаратты көр, шыр айналған ғарышты,
Онымен бір ғалам тынбай жарысты.
Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,
Қара түнді, жарық күнді жаратты.
Зер сияқты көкте олардың қайбірі,
Бірі – жолбасшы, шолғыншыдай ал бірі.
Халайыққа жарық берер жарасып,
Жол көрсетер кейі, кетсең адасып.
Бірқаншасы жөнін білсең – шырағың,
Бірқаншасы жолдан шықсаң – құлабыз (Баласағұн, 1986: 60-61).

Осы жолдар арқылы ойшыл Ғаламдық құрылымды, адамдарға тән іс-әрекетті жеткізуде космогония мен космологиялық танымды қолдана отырып, адам өмірінің табиғат заңдылықтарымен біте қайнасқан бірлігін көрсете алды.

Бұл пікірімізді А.Я. Гуревичтің: «Орта ғасырда адамның табиғатқа қатынасы, оның субъект пен объект арасындағы байланысына емес, ең алдымен, адамның қоршаған ортада өзін тануы, космосты субъект ретінде қабылдауын көрсетеді. Адам өзін қоршаған әлемнен өз бойында

бар қасиеттерді тани бастады, одан жеке тұлғаға тән белгілерді көре отырып, адам өзін әлемнің бір бөлшегі деп қабылдады. Ғалам мен жеке тұлға біртұтас, бір-бірімен байланысты дүние ретінде танылады» (Гуревич, 1972: 51-52), - деген тұжырымы қуаттай түседі.

Жүсіп Баласағұн өз шығармасын Ғалам мен дүниенің жаратылуын сипаттаудан бастайды:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Құрметі көп, шүкіршілік мың да бір,
Еш зауал жоқ, хаққа лайық кіл қадір...
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.
Тіледі де, жаратты бар болмысты,
«Бол!» –деді де бірден бәрін болғызды (Баласағұн, 1986: 50).

Бұл өлең жолдарында тәңір құдіреттілігінің бар болмысы – айды, күнді, жерді, көкті жаратқандығы баяндалып, тәңірдің сандық қатынастардан, кеңістік пен уақыттан тыс екендігі, көзден жырақ, бірақ көңілге жақындығы ескертіледі. Оның еш жерде тұрағы жоқ, ол мәңгі табиғаттың барлық құбылыстары тауы, орманы, көлі - бәрі құдіреттің жасампаздық әрекетінің ізі, суреті екенін айтты.

«Жеті планета мен он екі шоқ жұлдыз» бөлімінде Жүсіп Баласағұн ғарыш әлеміне кеңімен тоқталады. Жеті планетаны автор түркі тіліндегі атаулармен мынадай бірізділікте береді:

1. Секантір - Қоңырқай жұлдыз (қазақша) Сатурн (орысша)
2. Оңай –Есекқырған, Юпитер
3. Көрүд – Қызыл жұлдыз, Марс
4. Иашын – Күн, Солнце
5. Севіт – Шолпан, Венера
6. Арзу – кіші Шолпан, Меркурий
7. Йалчык –Ай, Луна

Одан әрі,

Он екі жұлдыздары не күйде,

Олар тұрар бір үйде не екі үйде – (Баласағұн, 1986: 28) деп шоқжұлдыздарды жекелеп тізіп шығады. Алдағы салыстыра қарастыруымызда түсінікті болуы үшін Жүсіптің қолданған түрік тіліндегі шоқжұлдыздар атауын қазақ және орыс тілдерінде қатар бергенді жөн көрдік.

Г. Шадинова. Жүсіп Баласағұн дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің»...

1. Қозы – Қозы (Амал, Көкек, Тоқты), Овен
2. Уд-сиыр (Ут, Сәуір, Торпақ), Телец
3. Ерендіз – Зауза (Егіздер), Близнецы
4. Кучык - Шаян (Саратан), Рак
5. Арслан - Арыстан (Әсет), Лев
6. Бұдай башы - Бидай басы (Сүбіле, Бикеш) Колосья, Дева
7. Чагу - Таразы (Мизан) Весы
8. Чадан - Сарышаян (Ақорап, Бүйіл) Скорпион
9. Йа - Қауыс (Мерген), Лук, Стрелец
10. Оғлан - Жәді (Ешкімүйізді) Козерог
11. Көкек - Қолан (Дәлу, Сукұйғыш), Водолей
12. Балық - Балыш (Һүт), Рыба

Осы шоқжұлдыздарды Жүсіп былайша топтастырады:

Көктем және жазғы жұлдыз - үшеуден,

Күзгі және қысқы жұлдыз - үшеуден ((Баласағұн, 1986: 138).

От - үшеуі, су - үшеуі, үш - һауа,

Топырақ - үш, бар әлемге бұл - дауа (Баласағұн, 1986: 139).

Бұлайша топтастыру көне Қытай, Үнді, Грекия философиясындағы жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен - топырақ, су, от және желден тұратындығы туралы ұғым түсініктен туындап жатқандығымыз аңғарамыз.

Жүсіп Баласағұнның ғалам жаратылысын көктем - су, жаз - топырақ, күз - жел, қыс - от түрінде төрт тұғырмен негіздеуі табиғатпен біте қайнаған көшпелі қоғамның дүниетанымы мен тұрмыс салтынан туындап жатты. Ол осы тұжырымды негізге алып, адам мен табиғат арасындағы үйлесім мен келісімді айшықтай түседі. Түркі халықтарының тұрмыс-салтының, күнделікті іс-әрекетінің көрінісі болған әдет-ғұрыптары мен сөз өнерінің мысалдары дастанның өн бойында молынан ұшырасады.

Отто Альбертс Жүсіп Баласағұнның космологиялық көзқарасынан Анаксимандр идеяларының ықпалын байқаған. Жүсіп Баласағұнда авчап (дөңгелек) милет ойшылының жүзігімен сәйкестендіріп, Плутарх куэландырғандай Анаксимандр жаратылу мен жойылудың пайда болуына шектен шығу себеп болған деп есептеген. Біздің әлем жаратылғанда ыстық пен суықты жасағанда әлдене бөлінген және одан пайда болған отты орта аспанды, жерді ағаштың қабығы сияқты қоршаған. Отты орта бөлініп бірнеше дөңгелек жабылғанда күн, ай, жұлдыздар жаратылған (Богомоллов, 1985: 47).

Жаратылыс тілін ғарыш денелеріне қарап түсіну, оның көмегімен табиғат заңдылықтарын шешіп, ғарыштан әлем жұмбақтарына бойлау ежелгі түркілердің таным дүниесінің ерекше таным үрдісі болып табылады.

Жер әлемі, оның ішінде адамның ай үстіндегі әлемнің иерархиялық үлгісі жеті аспан қабатына бөлінді. Мысалы, үйлесім, жеті санының қасиеттілігі. Сонымен қатар, әрдайым адамның жеті мүшесі деген пікір де айтылатын.

Ғалам құрылымындағы жеті жұлдыз адамның жеті мүшесіне көшеді. Бұл жөнінде С.Е. Малов былай дейді: «Тән егер жеті мүшеге қараса, онда өзінің мөлшеріне сыйғызылғанның барлығы да өз ұнасымын тапқанын көреді» (Малов, 1951: 218). Мұндағы сан символикасы ортағасырлық танымның әлемді де, адамды да тануында ерекше мәнге ие болуы.

Жүсіп Баласағұнның космологиясында әл-Фарабидің космологиясы бойынша мынау анықталады: бөліну мен араласудың бірінші кезеңінде жұлдыздық жүйелер мен жұлдыздық дәуірдегі Күн жүйесінің жалпы нобайы, жобасы белгілене бастайды, алайда Күн, жұлдыздар, планеталар ерекше аспан денелері ретінде әлі де болса қалыптаспай, жалпы газ қоспасы ретінде белгілі бір сфераларда жайласады. Бөліну мен араласудың екінші кезеңінде Күн системасы қазіргі кездегі түрге келген. Орбиталық заттардың қойыртпақ-қоспасынан күн түзіледі. Ол жеті қат аспанның ортасында, яғни төртінші фалакта «Жоғарғы және төменгі әлемдік аспан сфераларының өмір сүру әрекетінің басты көзі бастау бұлағы, сонымен қатар бүкіл әлемді жаппай жарықтандырушы» қызметін атқарады» (Көбесов, 2004: 72-73).

Әл-Фарабидің концепциясы бойынша адамзат жер бетінде тіршілікке қажетті жағдайлар (су, ауа, өсімдік және хайуанаттар) дайын болғаннан кейін барып пайда болған. Сол кезде қабылданған дәстүр бойынша Фараби адам денесінің ішкі ағзаларын Күн жүйесіндегі планеталармен, ал сыртқыларын – зооидықтың шоқ жұлдыздармен салыстырады (Сатыбекова, 1975: 73).

Негізінде адамзат организмнің элементтері Ғалам құрылған элементтерімен ұқсас келеді. Адамның тәні - жерден, қаны - судан, демалысы - ауадан, жылуы – оттан. Адам денесінің әр бөлшегі Ғалам бөлшектерімен сәйкес келеді: басы – аспанға, көкірегі – ауаға, іші – теңізге, аяғы - жерге, сүйектері – тастарға, бұлшықтары – бұтақтарға, шашы – шөптерге, ал сезімі жануарларға сәйкес келеді. Бірақ адамды

Г. Шадинова. Жүсіп Баласағұн дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің»...

қалған әлеммен құрылған элементтермен тек бірлік қана жақындатпайды.

Жүсіп Баласағұнның философиялық концепцияларының мазмұны ежелгі ойшылдардың әлемге дұрыс қарым-қатынасы мен үйлесімін анықтайтын төрт жағдай туралы пікірлеріне арналған.

Материалдық әлемнің дамуы төрт элементтен тұратын алғашқы материядан, төменнен жоғарыға өсуден шыққан. Төрт элемент - от, су, жер, ауадан бастап минералдарға, өсімдіктерге, аңдарға ақырында ай астындағы биік тұрмыс иесі адамдарға барып тіреледі. Өйткені адам табиғатта ғана өмір сүре алады. Барлық материалдық заттар сияқты адам да табиғатпен жаратылған. Ол алғашқы элементтерден барлық пәндерге ортақ алғашқы субстанцияның араласуынан шыққан. Осы мазмұнда өзіне өзі мәңгілік, сыйластылықта болмақ (Сатыбекова, 1975: 116-117).

Жүсіп Баласағұн космологиялық жүйесінде жаратқанның көкте тізілген жұлдыздарының ішінен он екісін бөліп алады да, үш-үштен төрт мезгілге бөледі. Сонымен, көктем жұлдыздары - Қозы, Уд, Әрәндіз, жаз жұлдыздары - Қушық, Арыстан, Бұғдай, күз жұлдыздары - Үлгі, Чадан, Иа; қыс жұлдыздары - Оғлақ, Көнәк, Балық. Олардың үшеуі - су, үшеуі - жел, үшеуі - от, үшеуі - топырақ. Оларды толығымен бірізділікке мәжбүр ететін жаратушы Хақ:

Арыстанмен Бұғдай басы қос болар,
Сонсоң Үлгі, Чадан, Иа дос болар.
Келер сонсоң Оғлақ, Көнәк һәм Балық.
Олар туса, болар көгің жап-жарық.
Үші - көктем, үші - күздің жұлдызы,
Үші - қыстың, үші жаздың жұлдызы.
Үшеуі - су, үшеуі - жел, үшеуі - от,
Үш – топырақ; жаһан туған түгел боп!
Үш от, үш су, үш жел түгел таралды,
Үш топырақ - ғалам солай жаралды
Бірі-біріне жаулар бұлар өлгенше,
Жауды жауға салып қойған сөнгенше...
Қатыспас жаулар, іштей тынып жарасқан,
Көріспес жаулар, өшін бүгін тарасқан.
Жаратушы хақ жаратты апарып,
Жаратты да, жарастырды қатарын (Баласағұн, 1986: 62).

Аталған өлең жолдарында Жүсіп Баласағұн үштік қағида арасындағы қарама-қарсылықтың тұтаса келіп, татулық тапқанын баяндайды. Дәл сол үштік қағиданың жақындасуы нәтижесінде Ғалам мен өмір пайда болды. Үштік қағида ұстанымын дамуға негіз болатын үрдіс деп қарауға болады. Осылайша, Жүсіп Баласағұн дүниенің бастауын от, су, ауа, жер апаттарының бірлігінен туындайды деп қарайды.

Материалдық әлемнің дамуы төрт элементтен тұратын алғашқы материядан, төменнен жоғарыға өсуден шыққан. Төрт элемент - от, су, жер, ауадан бастап минералдарға, өсімдіктерге, аңдарға ақырында ай астындағы биік тұрмыс иесі адамдарға барып тіреледі. Өйткені адам табиғатта ғана өмір сүре алады. Барлық материалдық заттар сияқты адам да табиғатпен жаратылған. Ол алғашқы элементтерден барлық пәндерге ортақ алғашқы субстанцияның араласуынан шыққан. Осы мазмұнда өзіне өзі мәңгілік үйлесімділікте болмақ.

Осы төрт стихиялық ғарыш құрылымы мен құрамы туралы әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Бирунидің көзқарастарында да кездеседі.

Әл-Фараби бойынша жер бетіндегі және аспан әлеміндегі заттардың материалдық сипатта болатындығына күмән келтірмейді. Материалдық заттар мен денелер әл-Фараби пікірінше алты түрге бөлінеді: 1) аспан денелер; 2) есті жануарлар (адамдар); 3) ессіз жануарлар; 4) өсімдіктер; 5) минералдар; 6) төрт түпнегіз - от, ауа, топырақ, су. Осы төрт түпнегіз заттардың материалдығының негізі әрі қарапайым түрі. Олардың әр алуан түзілістерінің нәтижесінде олардан гөрі күрделі материяның қалған бес түрі пайда болады. Денелер пайда болып, жойылып отыруы мүмкін, ал төрт түпнегіз (от, су, ауа, топырақ) мәңгі өзгермейді, олардан жаңа тіршілік иелері пайда болып отырады (Көбесов, 2004: 218).

Жүсіп Баласағұн үшін әлемнің құрылымы, оның космогониясы мен космология ғаламның құрылысынан жердегі адам тіршілігіне өтуге аса қажетті. Нәтижесінде адам өмірінің табиғат заңдарына тәуелділігін көрсететін толықтай суреттеме шықпақ.

Әл-Фарабидің тұжырымында, адаммен салыстырғанда, құдай кемел ойдың иесі, әрі оған ұқсауға әркім талпынса табиғат - адамға өмір сыйлап, оны мәпелеп өсірген бесік.

Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы космологиялық проблемалар әл-Фараби, Бируни еңбектеріндегі толық, әрі терең зерттелген емес. Оны әсіресе, дүниенің жаратылысы мен адам тіршілігінің пайда болуы айрықша толғандырады. Қоғамды, адамды, табиғатты тану ілімінің

Г. Шадинова. Жүсіп Баласағұн дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің»...

құрамдас бөлігі деп қарастырылды. Бұл концепция ортағасырлық ұғым-түсінікке тән ерекшелік деп қаралды.

Жүсіп Баласағұнның философиялық концепцияларының мазмұны ежелгі ойшылдардың әлемге дұрыс қарым-қатынасы мен үйлесімін анықтайтын төрт жағдай туралы пікірлеріне арналған. Ол табиғаттың төрт негізін қарастыра отырып, адам мәселесінің де төрт тұғырын тапқырлықпен көрсеткен. Олар - Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат ретінде аталды және бұл қасиеттер «Құтадғу білік» шығармасындағы төрт кейіпкерінің бойына жинақталды:

Кітабында талай жайды айтады ол,
Бұл төрт ұлық сөздерінен байқалар:
Бірі оның - шындық жолы, Әділет,

Екіншісі - құт пен ырыс, Дәулет.
Үшіншісі - Ақыл менен парасат,
Төртіншісі - ұстамдылық, Қанағат (Баласағұн, 1986: 42).

«Төрт тұғырлық» өлшемдік қағида «Құтадғу біліктің» құрылымдық арқауы болып табылады. Бұл шығармада қоғамдағы, өмірдегі үйлесім осы төрт нәрседен тұрады. Олар төрт кейіпкердің атымен аталады: Күнтуды - Әділет, Айтолды - Бақыт, Өгдүлміш - Ақыл, Одғұрмыш - Қанағат. Шығарма осы төрт кейіпкердің сұрақ жауабына құрылды.

«Құтадғу білік» шығармасындағы кейіпкерлері атының Күн, Ай планеталары болып келуі, олардың көне замандағы есімдер екенін білдіреді. Яғни, ол ұғымдар біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі адамдардың космогонияның түсінігіне алынған.

Жүсіп Баласағұнның Ғалам, Қоғам және Адам мәселелерін зерделеуі адам өмірі мен табиғат заңдарының ортақтығы жайлы еріксіз ой туғызады. Ойшыл өз шығармасында адамның сыртқы көрінісі мен космостан үйлесімділік іздеді. Ол үйлесімділікті Ғаламнан бөліп алуға келмейтін қасиеті деп таныды. Алайда, оның танымында сол үйлесімділіктің пайда болуының негізін белгісіздікке ұластыруын әлемнің шексіздігіне ден қою екендігін аңғарамыз.

Жүсіп Баласағұнның пікірінше, адам тәнінің бір бөлшегі жалпы әлемнің сәйкестігі, оған адамның ғарышпен үйлесімділікте болуы себеп деп тұжырымдаған. Ол Ғаламның ажырамас қасиеті деп үйлесімділікті атап, оның генезисіне толық мазмұндама бермейді.

Шынында да, арабтілді перипатетизм өкілдерінің макро әлемнің микро әлеммен бірлігі туралы ғарыштық концепциялары бүгінгі күні негізінен Адамзат - Жер - Ғалам жүйесінің құрылуына сай келуімен құнды әрі маңызды деп есептеледі.

Ежелгі түркілер Айды Көк Тәңірі мен жердің қызы деп түсінген. Айдың бірі - қорқынышты, бірі - қуанышты екі ұғымы болған. Содан да түркілер айды ерекше құрмет тұтқан. Түркілік дүниетанымда Ай әйел бейнесімен теңестіріледі. Әйелдердің бойындағы биологиялық құбылыстар айдың туып, толып және көрінбеумен байланыстырылады. Содан да туған айды жас қызға балап, толған ай толыққан (екіқабат) әйел кейпінде қабылданған. Міне, осылай үздіксіз алмасып отырған құбылыс мәңгілік өмірді бейнелейді. «Ескі айда – есірке, жаңа айда – жарылқа» деген тілек осындай сенімдерден туған. Осындай дүниетанымға арқа сүйеген Жүсіп Баласағұн аталған құбылысқа мүлдем жаңа сипаттағы мазмұн береді. Айдың толуын кемелдікке балап, адам тіршілігінің идеалы Бақытты Айтолды деп атайды.

Түркілердің ғарыш туралы түсінігінде жұлдыздарға құрмет - оларға арнап құрбандық шалу түрінде көрінеді. Олар әрбір жұлдызды жердегі адам баласына құт (рух) жібереді, адам өлсе аспандағы оның жұлдызы да сөнеді деп есептеген. Жұлдыздар адам бақытына да әсер еткен. Бақытты адамдарға «Жұлдызың оңынан туған екен» - дегенде, оның әрекетін ғарыштық күштердің қолдап қуаттайтындығын айтқан.

Сонымен Жүсіп Баласағұн өзінің дүниетанымында көркемдік шешімдер арқылы бейнелеген терең философиялық көзқарастары, әлем туралы тұтастанған түркілік дүниетанымы жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесімен, даналық үлгілерімен ұштасқан тұстары тұжырымдалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- George Politzer. *Principes Fondamentaux de Philosophie. Editions Sociales.* – Paris, 1954. – 332 p.
- Ашрафи М. М. *Бехзад и развитие бухарской школы миниатюры XVI в.*, - Душанбе: Дониш, 1987. – 368 с.
- Баласағұн Жүсіп. *Құтты білік* /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
- Безертинов Р. Н. *Тэнгрианство – религия тюрков и монголов.* –Набержные Челны: Аяз, 2000. – 456 с.
- Богомолов А. С. *Античная философия.* - М.: Мысль, 1985. – 367 с.
- Гуревич А. Я. *Категории средневековой культуры.* Искусство. - М., 1972. – 318 с.
- Кляшторный С. Г. *Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках* // ТСБ 1977. - М., 1981. – С. 123-128.

Г. Шадинова. Жүсіп Баласағұн дүниетанымындағы «Адам мен Әлемнің»...

- Көбесов А. *Әбу Насыр әл-Фараби*. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 176 б.
- Құран Кәрім. *Қазақша мағына және түсінігі*. - Медине: Құран шәриф басым комбинаты, 1991. - 604 б.
- Лосев А. Ф. *История античной эстетики*. - М.: Искусство, 1969, - 714 с.
- Малов С. Е. *Памятники древнетюркской письменности*. - М., - Л.: АН СССР, 1951. - 467 с.
- Сатыбекова С. К. *Гуманизм Аль-Фараби*. - Алма-Ата: Наука, 1975. - 144 с.
- Топоров В. Н. *Модель мира (мифопоэтическая)* // Мифы народов мира. В 2 т. - М.: Рос. Энциклопедия, 1994. - Т. 2. - 425 с.
- Топоров В. Н. *Первобытное представление о мире (общий взгляд)* // Очерки истории естественно-научных знаний в древности. - М.: Мысль, 1982. - С. 162-168.
- Халықов Қ. З. *Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі*. Монография, Алматы, 2006. - 188 б.

Резюме

В этой статье средневековый тюркский философ Юсуф Баласагуни в своем мировоззрении основывается на постулатах человека и мира, великой вселенной и единство микровселенной на пути достижения истины в освоении космоса, который описывает взаимосвязь между «Человеком и вселенной». Основанный на четырех силах, известных как огонь, вода, воздух, древний мир земли, вдумчивый мир создается взаимодействием четырех четвертей, а жизнь - взаимодействием их. Единство Великой Галактики и уникальность и целостность микрогалактики показывают, что Юсуф Баласагуни имеет особый взгляд на свое мировоззрение. В своих глубоких философских заключениях, изображающих художественные решения в его работе «Кутадгу билиг», он сочетает мировоззрение с универсальной системой мировоззрения и ценностей.

Ключевые слова: Юсуф Баласагуни, человек, космос, мировоззрение, мир, тюркский, ислам, философия.

(Шадинова Г. Описание взаимной гармонии «Человека и вселенной» в мировоззрении Юсуфа Баласагуни)

Özet

Bu makalede, ortaçağ Türk düşünürü Yusuf Has Hacib, dünya görüşünde, insanın ve dünyanın ifadelerini, büyük evreni ve uzayın keşfinde doğruyu elde etmenin yolunda mikro dünyanın birliğini temel alan "İnsan ve Evren" arasındaki ilişkiyi açıklamaktadır. Ateş, su, hava ve yeryüzünün antik dünyası olarak bilinen dört kuvvete dayanan dünya, dört çeyrek kuvvetin ve yaşamın etkileşimiyle yaratılmıştır. Büyük Galaksinin birliği ve mikro galaksinin tekliği ve bütünlüğü, Yusuf Has Hacib'in dünya görüşüne özel bir bakış açısına sahip olduğunu göstermektedir. «Kutadgu Bilig» adlı eserinde sanatsal çözümleri betimleyen derin felsefi sonuçlarında, dünya görüşünü evrensel bir dünya görüşü ve değerler sistemi ile birleştirmektedir.

Anahtar Kelimeler: Yusuf Has Hacib, insan, mekan, dünya görüşü, dünya, Türk, İslam, felsefe.

(Şadinova G., Yusuf Has Hacib'in Dünya Görüşünde «İnsan ve Evren»in Karşılıklı Uyumunun Tanımı)